Erzincan Binali Yildirim University
Faculty of Education
Yalnizbag- Erzincan- TURKEY
241000

Review

Review of a foreign consultant, PhD., Professor Hüseyin Hüsnü Bahar on Nursulu Shermakhanbetovna Abdramanova's PhD thesis **"Psychological and Pedagogical Foundations of Internal Quality Assessment in Higher Education Institutions (Case Study Analysis)"** submitted as «6D010300-Pedagogy and Psychology»

1. Relevance

The topic is highly timely and relevant, as it addresses internal quality assurance in higher education from psychological and pedagogical perspective. This is especially important in the context of universities worldwide moving toward self-evaluation and the development of quality culture. The focus on human factors such as motivation, perception, and interaction adds valuable depth to a traditionally managerial subject.

2. Scientific Novelty

- Offers a new theoretical framework integrating psychological and pedagogical dimensions into internal quality assessment.
- Applies case study analysis to reveal institutional practices.
- Proposes a model that can guide internal evaluation processes in universities.
- Introduces original insights into the role of stakeholders' psychological engagement.



3. Validity and Methodology

The study employs a mixed-methods approach: theoretical analysis of philosophical, pedagogical, scientific, and methodological literature; grouping and systematization of data on quality assessment; study and generalization of higher education practices; case analysis; interviews and surveys; analysis of internal assessment data; rating and self-assessment methods; pedagogical council; expert evaluation; pedagogical experiment; and both quantitative and qualitative data processing.

The data are reliable and well-analyzed. Findings are clearly linked to the research objectives and presented in a logical manner.

4. Practical Value


The dissertation provides applicable recommendations for enhancing internal quality systems, supporting reflective teaching, and fostering an institutional quality culture. The outcomes are relevant for administrators, educators, and policymakers.

5. Overall Evaluation

This is a well-structured, original, and methodologically sound study. It makes a significant contribution to the field of educational quality assurance and demonstrates the author's strong research competence.

6. Writing Style:

The manuscript is well-organized, with a coherent structure that guides the reader through the research process. The writing is generally clear, though some sections could benefit from more concise phrasing. The use of tables and thematic categorizations aids in presenting complex data effectively.



7. Recommendation

Overall, this dissertation represents a carefully conducted study analyzing the psychological and pedagogical foundations of internal quality assessment in higher education institutions through a case study method. It provides valuable insights and recommendations that may inform both policy and practice. Further research with larger, more diverse samples and additional quantitative methods could strengthen the findings.

I recommend the award of the doctoral degree.

Yours sincerely,

Prof. Dr. Hüseyin Hüsnü BAHAR

October- 07-2025

Erzincan Binali Yildirim University

Faculty of Education

Department of Educational Sciences

Эрзинжан Бинали Йылдырым университеті
Білім беру факультеті
Yalnizbag – Эрзинжан – ТҮРКИЯ
241000

Пікір

Шетелдік консультант, PhD., профессор Хүсейін Хүсні Бахардың Абдраманова Нурсулу Шермаханбетовнаның **«Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау)»** тақырыбындағы, «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша ұсынылған PhD диссертациясына пікірі

1. Өзектілігі

Зерттеу тақырыбы өте өзекті әрі уақыт талабына сай, өйткені онда жоғары білім беру жүйесіндегі ішкі сапаны қамтамасыз ету мәселелері психологиялық және педагогикалық қырларынан қарастырылады. Бұл әлемдегі университеттердің өзін-өзі бағалау жүйесіне көшуі және сапа мәдениетін қалыптастыру үрдісі күшейіп отырған қазіргі жағдайда ерекше маңызды. Мотивация, қабылдау, өзара әрекеттесу сияқты адам факторларына назар аудару дәстүрлі түрде басқарушылық сипатта қарастырылатын салаға мазмұндық терендік береді.

2. Ғылыми жаңалығы

- Ішкі сапаны бағалау жүйесіне психологиялық және педагогикалық өлшемдерді кіріктіретін жаңа теориялық тұғырнама ұсынады.
- Институционалдық тәжірибелерді ашып көрсету үшін жағдайлық зерттеу (кейс-талдау) әдісін қолданады.
- Университеттердегі ішкі бағалау үдерістерін бағыттай алатын үлгі (модель) ұсынады.
- Мүдделі тараптардың (стейкхолдерлердің) психологиялық қатысуының рөлі туралы авторлық, өзіндік тұжырымдар енгізеді.

3. Нақтылығы және әдіснамасы

Зерттеуде аралас әдістер (mixed-methods) қолданылған: философиялық, педагогикалық, ғылыми және әдіснамалық әдебиеттерге теориялық талдау; сапаны бағалау бойынша деректерді топтастыру және жүйелеу; жоғары білім беру тәжірибелерін зерттеу және жалпылау; кейс-талдау; сұхбат пен сауалнама; ішкі бағалау деректерін талдау; рейтингтік және өзін-өзі бағалау әдістері; педагогикалық кеңес аясындағы талқылаулар; сараптамалық бағалау; педагогикалық эксперимент; сондай-ақ сандық және сапалық деректерді өңдеу.

/мөр бар/

Алынған деректер сенімді және жан-жақты талданған. Нәтижелер зерттеу мақсаттарымен нақты байланыстырылған және логикалық жүйемен ұсынылған.

4. Практикалық маңызы

Диссертация ішкі сапа жүйелерін жетілдіруге, рефлексияға негізделген оқытуды қолдауға және институционалдық сапа мәдениетін қалыптастыруға арналған қолданбалы ұсынымдар береді. Нәтижелер білім беру менеджерлері, оқытушылар және білім беру саясатын әзірлеушілер үшін маңызды.

5. Жалпы бағалау

Бұл жұмыс құрылымы айқын, мазмұны түпнұсқа және әдіснамалық тұрғыдан негізделген зерттеу болып табылады. Ол білім беру сапасын қамтамасыз ету саласына елеулі үлес қосады және автордың зерттеушілік құзыретінің жоғары деңгейін көрсетеді.

6. Жазу стилі

Қолжазба жақсы ұйымдастырылған, зерттеу үдерісін оқырманға жүйелі түрде жеткізетін бірізді құрылым сақталған. Жалпы тілдік баяндау түсінікті, алайда кейбір бөлімдерде ойды ықшамырақ жеткізу тиімді болар еді. Кестелер мен тақырыптық жіктеулер күрделі деректерді ұсынуды жеңілдетіп, материалдың қабылдануын жақсартады.

7. Ұсыныс

Жалпы алғанда, бұл диссертация жоғары білім беру ұйымдарындағы ішкі сапаны бағалаудың психологиялық және педагогикалық негіздерін жағдайлық зерттеу (кейс-талдау) әдіснамасы арқылы талдаған мұқият орындалған ғылыми еңбек болып табылады. Ол саясат пен тәжірибеге пайдалы болуы мүмкін құнды тұжырымдар мен ұсынымдар береді. Үлгі көлемі үлкенірек әрі әртараптандырылған деректермен, сондай-ақ қосымша сандық әдістермен толықтырылған болашақ зерттеулер нәтижелердің беріктігін одан әрі арттыра түсер еді.

Докторлық дәрежені беру ұсынылады.

Құрметпен,

/қолы бар/

Проф. д-р ХҮСЕЙІН ХҮСНҮ БАХАР
Эрзинжан Бинали Йылдырым университеті
Білім беру факультеті
Білім туралы ғылым кафедрасы

/мөр бар/